



Республикалық жастар газеті

# Ақмешіт

6+

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан

# ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



№37 (574)  
12 қыркүйек,  
2024 жыл



ТАЛГАТ АЛМАНОВ:

## АҚШ-тағы

ЖУРНАЛИСТЕР ТӘУЕЛСІЗ ӘРІ БАРЫНША МЕДИА ЭТИКЕТТІ ҰСТАНАДЫ

Қазір шетелде білім алып, өз тәжірибесін арттырып жүрген қазақ жастары жетерлік. Солардың бірі – АҚШ-тағы Нью-Йорк университетінде журналистика мамандығы бойынша білім алып, жергілікті «Atlanta News First» телеарнасында журналист әрі продюсер болып қызмет атқарып жүрген Талгат Алманов. Кейіпкеріміз Америкадағы өмір салты, журналистика саласының қызығы мен қиындығы турасында сұрақтарға жауап берді.

– Журналистикаға деген қызығушылығыңыз ерте жастан басталғаны белгілі. «Хабар» арнасында жаңалықтар қызметін тізгіндеуіңіз, АҚШ-тағы меншікті тілші атануыңыз – соның бір дәлелі. Әңгімеңізді балалық шағыңыздан бастайықшы... Бала Талгат қандай болды?

– Балалық шақта тұйықтау болдым. Мектепте анау айтқандай көзге түскен оқушы болған жоқпын. Өзіммен өзім жүретінмін. Бастысы сабағымды жақсы оқыдым. Ата-анамның қамшылауы әсер еткен шығар, әйтеуір үлгерімім жақсы болып, мектепті бір жылға ерте аяқтадым.

– Бір сұхбатыңызда «Хабардың» эфирінен Зейін Әліпбек ағамызды көрген сайын сол кісі тәрізді диктор болуға талпындым» депсіз. Зейін Әліпбектің қай қырын өзіңізге үлгі еттіңіз және журналистік жолыңызда қаншалықты көмектесті?

– Зейін ағамыздың бойынан қазақ жігітіне тән қасиеттерді байқауға болады. Соның бірі байсалдылық шығар. Әр сөзі қорғасындай. Асықпай, байыппен сөйлейді. Бала кезімде ол кісіге қарап бой түзгенім рас. Эфирде отырып, жаңалық жүргізім келді. Алланың қалауымен «Хабарға» келіп, жаңалықтар жүргіздім. Сол кезде Зейін ағаның қарапайымдылығына көз жеткіздім. Әрдайым ақылдан айтып, қолынан келгенше көмегің аяған емес.

8-бетте

## КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ: ҚАЗАҚСТАН КӨШ БАСЫНДА



Арқа төріндегі V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары қыза түсті. Күн сайын ел спортшыларының қанжығасы майланып, жүзде қоржыны қоппайып келеді. 11 қыркүйектегі мәліметтерге сүйенсек, қазір ұлттық құрама қоржынында барлығы – 58 медаль бар. Оның 26-сы алтын, 14-і күміс және 18-і қола.

Әлем назарын аударған байрақты бәсеке соңына дейін спортшылар әлі біраз жүздеге қол созатыны анық. Өйткені қазірдің өзінде көптеген спорт түрін ақтық сынға жоллама алып отыр.

Елдегі дүбірлі додада тарихи оқиға болды. Ол – тоғызқұмалақ тақтасының ғарыш кеңістігіне

шығуы. Ресей ғарыш агенттігімен арадағы келісім негізінде ішінде тастары бар тақта алғаш рет Көшпенділер ойындары аясында стратосфера қабатына шығып, қайтадан жерге жеткізілді. Бұл – үстел ойындарының жанкүйерлері үшін ғана емес, бүкіл Қазақстан үшін де маңызды жаңалық.

Өйткені тоғызқұмалақ – ғарышта болған жалғыз үстел ойыны.

Айта кетейік, аталған жарыста ел намысын қорғап жатқан спортшылар қатарында Сыр елінің мақтаныштары да бар. Жарыстың алғашқы күнінде Бекжан Төлепов қазақ күресінен 55 келі салмақ дәрежесінде жеңімпаз атанса, тоғызқұмалақтан Бексұлтан Бостандықов алтын медальға ие болады.

Жеңісті күндер көп болсын!

«АЖ» ақпарат

## ПАРАЛИМПИАДА: ҮМІТ ПЕН ЖІГЕР


Париж төріндегі XVII Жазғы Паралимпиада ойындары мәресіне жетті. Ел намысын қорғаған Қазақстан ұлттық құрамасының ойыншылары дүбірлі додада рекорд орнатып, 2 алтын, 3 күміс, 4 қола медаль иеленді. Осылайша төртжылдықты түйіндейтін бәсекеде еліміз 182 мемлекеттің арасында 39 орынға тұрақтады.

Пара ойындарға қазақ елінен қатысатын спортшылар саны 4 жыл сайын көбеюде. Мәселен, алғаш рет Атлантада өткен Паралимпиада ойындарына 12 спортшы аттанды. Сиднейде – екі, Афинада – сегіз, Пекинде – үш, Лондонда – жеті, Рио-де-Жанейрода – 11, Токиода – 26 және Парижде – 44 паратлетке сенім арттық.

7-бетте



## СӨЗДІҢ МАГИЯЛЫҚ СИПАТЫ ҺӘМ ТУЫНДЫСЫ ТАҒДЫРЫНА АЙНАЛҒАНДАР



«Сөзде кие бар» дейді қазақ. Не айтып, қандай мақсатты ойға алса да жақсылықтан ғана үміттенген халқымыз тек жақсы сөз сөйлеуге тырысады. Жыртқыш жануар мен улы жәндіктен бастап ауыр дерттің атын атамаған, тіпті өлім-жітімнің себебін айтуға жүрексінетін жұрт ғасырлар бойы осы үрдісті дәстүрдің бір бөлшегіндей сақтап келеді.

Қазақ тіл білімінде «табу сөздер» атты термин бар. Этнографиялық ұғым мен мифтік наным-сенімнен туындаған бұл сөздерді қазақ халқы жанама негізде пайдаланады. Мәселен, «аты аталса малға шабады»

деген қауіптен қасқыр, шағал секілді жыртқыш жануарларды «ит-құс» десе, адам өміріне қауіпті кей дерт түрлерін «жаман ауру» деп қысқа қайырады.

4-бетте

## ҚАЗАЛЫ ҚАРҚЫНЫ ҚУАНТАДЫ

Топырағын түрсең, тарихы сөйлейтін Қазалы ауданының даму қарқыны көңіл қуантады. Қай салада болмасын ілгерілеушілік бар. Биыл да түйіні тарқатылған түйткілер аз емес көрінді. Бұл жөнінде бізге облыс әкімдігінің баспасөз алаңында Қазалы ауданының әкімі Мейрамбек Шермағанбет айтып берді.

БАҚ өкілдерімен кездесуде осы жылдың I жартыжылдығында атқарылған жұмыстарды баяндаған аудан әкімі әуелі жыл басынан тартылған инвестиция көлемінен хабар берді.

Айтуынша, негізгі көлемі 9 млрд теңгені құрап, нақты индексі 112,6 пайыз болып отыр. Ал есепті кезеңде жеке қаражат есебінен 5,2 млрд теңге тартылып, үлесі 57,8 пайыз болған. Бұдан бөлек, құрылыс жұмыстарының көлемі 16 пайызға артып, 4 млрд теңгені құрапты. Пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі – 22993 шаршы метр. Бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 4,5 пайызға артық орындалған.

2













